



КӘСІПКЕРЛІК: ТЕОРИЯ, ПРОЦЕСС, ПРАКТИКА

Кәсіпкерлікке көзқарастар

1-тарау. XXI ғасырдағы кәсіпкерлік ойлау жүйесі



Дәрістің мақсаты: кәсіпкерлікті зерттейтін негізгі ғылыми теориялық мектептерді зерттеу, кәсіпкерлікті зерттеудегі XXI ғасыр трендтері қарастыру.

Дәріс сұрақтары:

- 1) кәсіпкерлікті зерттейтін негізгі мектептерді анықтау және сипаттау;
- 2) кәсіпкерлікті зерттеу процесін, аясын және ұстанымдарын түсіндіру;
- 3) кәсіпкерлікті зерттеудегі XXI ғасыр трендтері.

Кәсіпкерліктің табиғатын тереңірек түсініп, күннен-күнге артып келе жатқан маңызын зерделеу үшін оның дамуына байланысты біраз теорияларды білу қажет. Соңғы жылдары кәсіпкерлік саласына қатысты зерттеулер саны күрт артты. Саланың дамуына байланысты зерттеу әдістемесі кәсіпкерлерді эмпирикалық зерттеуден контекстік және процеске негізделген зерттеу бағытында дамыды. Зерттеу саласының қозғаушы күштері теорияның дамуына серпін берді. Кәсіпкерлік теориясы соңғы 40 жылда үздіксіз дамып келеді, өрісінің де кеңігені байқалады. Бұл пәнді дұрыс бағалай алу үшін біз сол зерттеулердің біразын саралап түсінуіміз қажет. Кәсіпкерліктің негізгі теорияларын зерделеу – студенттің кәсіпкерлік процесі мен практикасын тереңірек түсінуіне негіз салады. Кәсіпкерлік теориясы – кәсіпкерлікті түсіндіретін, әрекетін болжайтын немесе нормативтік нұсқаулық болатын, тексерілген, логикалық тұрғыдан дәйектелген қарым-қатынастар немесе негізгі принциптердің анықтамасы.

Жаңа мыңжылдықта осы саланы тереңірек түсіну үшін бір-бірімен байланысты теориялар мен классификациялар болуы маңызды екені күннен-күнге анық болып келеді.

Кәсіпкерлік жөніндегі қазіргі зерттеулерде бір нәрсе анық: ол – кәсіпкерлік пәнаралық тақырып екені. Келесі бөлімдерде саланы тереңірек түсінуге көмектесетін түрлі тәсілдер туралы айтамыз.

Кәсіпкерлікті зерттеудегі ұстанымдар

Кәсіпкерлікті зерттеудегі ұстанымдар оны атқаратын нақты қызметіне қарай бөледі, макро не микрокөзқарас тұрғысынан болсын, екеуі де кәсіпкерліктің концептуалдық табиғатын зерделейді.

Әрі қарай осы аталған негізгі екі көзқарас алты түрлі зерттеу мектебіне бөлінеді. Үшеуі – микро, үшеуі – макрокөзқарас деңгейінде. Аталған классификация барлығын қамтып отыр деп айта алмаймыз, яғни зерттеу мектептері тек осы алтауымен ғана шектелмейді және олар дамытылуы немесе бір-бірімен бірігуі де мүмкін. Дегенмен болашақта қалай өзгерсе де, осы аталған концептуал идеялармен таныс болу маңызды. Бұл негізгі менеджмент ой-ағымында көптен бері орын алған семантикалық қайшылықтарды айналып өтуге мүмкіндік береді.

Макрокөзқарас

Кәсіпкерлікке макрокөзқарас қазіргі заманғы кәсіпкерлік венчурлердің табысты немесе сәтсіз болуына әсер ететін факторлар жиынтығын қамтиды. Бұл жиынтыққа кейде жеке кәсіпкердің бақылауынан тыс сыртқы процестер де кіреді және олар күшті сыртқы бақылау локусы тұрғысынан көрсетілген.

Макрокөзқарас үш мектепке бөлінеді:

- 1) «Орта»;
- 2) «Қаржы/капитал»;
- 3) «Шеттету»;

Олардың ішіндегі біріншісі өте кең тараған мектеп. «Орта» мектебі ықтимал кәсіпкердің өмір сүру стиліне әсер ететін сыртқы факторларды зерделейді. Олар кәсіпкердің қалауын қалыптастырудағы позитив немесе негатив күштер болуы мүмкін. Кәсіпкерліктің дамуына ықпал ететін институттар, құндылықтар және т.с.с. қоршаған ортадағы әлеуметтік-саяси



құрылымнан бастау алады. Мысалы, орта буындағы менеджер идеяларын жүзеге асыру ісінде қолдау мен еркіндікке ие болса, не келісімшарттар жасау бастамаларын ұсынса, не жаңа әдістерді қалыптастырса, жұмыс ортасы осы адамның қалауын кәсіпкерлік жолына бағыттайды. Кәсіпкерлердің дамуына қатты әсер ететін тағы бір сыртқы фактор – олардың әлеуметтік тобы. Достары мен туыстары арасында қалыптасқан кәсіпкерлік атмосфера адамды кәсіпкер болуға ынталандыруы мүмкін.

«Қаржы/капитал» мектебі капиталды іздеу процесіне негізделген – бұл мектеп капиталдың қалыптасуы мен өсуін кәсіпкерлік тұрғысынан қарастырады. Аталған процесті зерттеуге арналған әдебиет бар болса да, кейбір дереккөздер мұны кәсіпкерлік венчурдің бір сегменті ретінде ғана қарастырады. Қалай десек те, венчур капиталының қалыптасуы – кәсіпкердің дамуы үшін өмірлік маңызы бар процесс. Бизнес-жоспарлау анықтамалықтары мен кәсіпкерлерге арналған әдебиетте осы мәселеге қатты көңіл бөлінеді. Қор табу және пайдалану процесіне арналған семинарлар барлық жерде әрі тұрақты түрде ұсынылып тұрады. Бұл зерттеу мектебі кәсіпкерлік венчурді қаржылық менеджмент тұрғысынан зерделейді. Төменде берілгендей, венчурлік процестің барлық кезеңдерінде қаржымен байланысты шешімдер болады.

«Шеттету» мектебі топтық құбылыстың жағымсыз жақтарын зерттеуге негізделген. Қандай да бір адам өз орнын таба алмай жүргендей немесе, турасын айтқанда, топтан «шеттетіліп» қалғандай сезінеді. Тұлға өзінің ілгері жылжуына топ кедергі келтіреді немесе алға жылжуға қажет факторларды алып тастады деп есептейді.

Нәтижесінде көңілі қалған адам кәсіпкерлікті өз мотивациясына ғана сүйеніп жүзеге асыруға, сол арқылы табысқа жетуге тырысады. Зерттеушілердің айтуынша, адамдар кедергіні жеңуге тырысады және оған қарсы жауап ретінде белгілі бір іс-әрекет жасауға ұмтылады. Осы мектептің тұжырымдамасын түсіндіретін шеттетудің үш негізгі типі бар:

1. Саяси шеттету. Бұл саяси режимнің салдарынан туындаған шеттету болып табылады. Белгілі бір индустрияның бағытын өзгертетін немесе шектеп отыратын үкіметтік және саяси реттеулер кәсіпорынның еркіндігін жоққа шығарады.

2. Мәдени шеттету. Кәсіби қызметінен шеттетілген әлеуметтік топтарға қатысты. Этностық шығу тегі, діни, нәсілдік және жыныстық себептерден қысым көрген азшылық топтар осыған мысал. Мұндай жағдайда көптеген жеке тұлғалар дәстүрлі бизнес мамандықтарын тастап, кәсіпкерлік венчурге бет бұрады. Америка Құрама Штаттарында соңғы жиырма жылда жалпы бизнес көлемінің 15 пайызы азшылық топтар бизнесінің үлесінде.

3. Экономикалық шеттету. Экономикалық рецессия мен депрессияның түрлеріне байланысты. Жұмыс орнынан айырылу, капиталдың кемуі немесе «қолайсыз кезең туындауы» сияқты жағдайлар кәсіпкерлікке ұмтылуға негіз болуы мүмкін. Бұл жағдайлар венчурдің дамуына және қысқаруына әсер ете алады.

Шеттетудің аталған мысалдары сыртқы күштер кәсіпкерліктің дамуына қалай ықпал ететінін көрсетеді. Мәдени хабардарлық, саяси және қоғамдық саясат жөніндегі білім мен экономикалық сауат кәсіпкерлік түсінікті дамытып, «шеттетуден» алшақтатады. Экономика мен саяси ғылымдар туралы білім кеңейген сайын кәсіпкерлік түсінік те тереңдей береді.

Микрокөзқарас

Кәсіпкерлікке микрокөзқарас – кәсіпкерлікке және оның ішкі бақылау локусына тән факторларды зерттеу. Әлеуетті кәсіпкер осы бағыттағы әр негізгі әсердің нәтижесін бағдарлауға не бейімдеуге қабілетті болады немесе бақылай алады. Кей зерттеушілер бұл бағытқа түрлі анықтамалар беріп, сегменттерге жіктегеніне қарамастан, біз мұны үш түрге бөлеміз:

- Кәсіпкерлік қасиеттер теориясы (кейде оны «адам туралы мектеп» деп те атайды);
- Венчурлік мүмкіндіктер теориясы;
- Стратегиялық тұжырымдар теориясы.



Сыртқы ортадағы құбылыстарға бағыттталатын макрокезқарастан айырмашылығы – микрөкезқарас бағытында кәсіпкерліктің ішкі мәселелеріне көңіл бөлінеді. Осы мектептердің біріншісі кең тараған және мойындалған.

«Кәсіпкерлік қасиеттер» мектебі. Көптеген зерттеушілер мен жазушылар табысты кәсіпкерлерге ортақ қасиеттерді анықтаумен айналысты. Бұл мектеп – табысты кәсіпкерлердің ортақ ұқсас мінездерін зерделеуге бағытталған. Соларды қайталау арқылы табысқа қол жеткізу мүмкіндігін арттыруды көздейді. Мысалы, көптеген табысты кәсіпкерлерге ортақ төрт қасиет – мақсатқа жету, креатив, табандылық және техникалық білім екені анықталған. Сонымен қатар отбасылық даму мен білім алу инкубаторларының әсері де зерттелген. Кейбір зерттеушілер кәсіпкерлердің білімін дамытуға қарсы пікір білдіреді, өйткені, олардың ойынша, бұл кәсіпкерліктің креативі мен өзіндік күрделі мінез-құлқына әсер етеді. Өзге авторлар, керісінше, жаңа бағдарламалар мен білім берудегі өзгерістерді алға тартады, себебі олар кәсіпкерлікті дамытудың жолын тауып отыр. Отбасылық дамыту идеясы кәсіпкерлік отбасының үйде берілетін тәрбиесі мен қолдауына негізделеді. Бұл идеяның негізінде «ерте жастан қалыптасқан және қолдау тапқан қандай да бір қасиеттер кейін кәсіпкерлік жолда табысқа қол жеткізуге көмектеседі» деген сенім жатыр.

«Венчур мүмкіндіктері» мектебі. Бұл мектеп венчур дамуындағы мүмкіндіктерге назар аударады. Идея көзін іздеу, тұжырымдама жасау және венчурлік мүмкіндіктерді жүзеге асыру сынды мәселелер – осы мектеп зерттеп-зерделейтін тақырыптар.

Креатив пен нарықтық хабардарлық та маңызды. Сонымен қатар осы мектеп кәсіпкерлік табыстың кілті – дұрыс уақытта, дұрыс нарықтық нақты орында, дұрыс идеяны дамыту деген пікірді ұстанады.

Бұл мектептің тағы бір тұжырымдамасы – бұдан бұрын айтылған дәліз принципі. Кәсіпкерлерді түрлі бағыттарға жетелейтін жаңа жолдар немесе мүмкіндіктер үнемі артып отырады. Олар өсіп және қызметін жүзеге асыру үшін қажетті қадамдар жасағанда осы мүмкіндіктерді тану қабілеті табыстылықтың негізгі факторы болады. Дәліз принципінің ерекше атап көрсетілген қағидасы – бұл мүмкіндіктерді жолықтырудың өзі де «сәттілікке» тең. Осы мектеп идеяларын қолдаушылар, пәнаралық бизнес сегменттеріне тиісті дайындық кәсіпкердің венчурлік мүмкіндіктерді тану қабілетін арттырады деп сенеді.

«Стратегиялық тұжырым» мектебі. Джордж Штайнер бірде: «Стратегиялық жоспарлау басқарудың барлық құрылымына тығыз енген, бұл басқару процесінен бөлек және ерекше нәрсе емес», – деген еді. Кәсіпкерлік теориясының «стратегиялық тұжырым» мектебі венчурдің табысты дамуындағы жоспарлау процесіне назар аударады.

Стратегиялық тұжырымды қолданудың бірден-бір жолы – бірегей элементтерді пайдалану. Тиімді венчурлік құрылымдарда бірегей нарықтар, бірегей адамдар, бірегей өнімдер немесе бірегей ресурстар анықталған, қолданылады немесе барлығы соған негізделеді. Стратегиялық бейімделудің пәнаралық қырлары мынадай сипаттамалық элементтерде көрінеді:

- Бірегей нарықтар. Таулар немесе жоталар стратегиясы. Нарықтың негізгі сегменттерін едәуір ірі нарықтар ықпалымен пайда болатын аралық нарықтар анықтайды.
- Бірегей адамдар. Ұлы бастық стратегиялары, яғни венчурдің негізін қалаушы бір немесе бірнеше тұлғаның дағдылары немесе ерекше таланттарының арқасында нәтижеге жетуді ұсынады.
- Бірегей өнімдер. Жаңа немесе қолданыстағы нарықты қамтитын инновацияларға қатысты үздік виджет стратегиялары қолданылады.
- Бірегей ресурстар. Ұзақ мерзімді перспективада арнайы ресурстарды (жер, еңбек, капитал, шикізат) біріктіру немесе бақылау мен қолдану қабілетін қарастыратын құндық стратегиялары.

«Стратегиялық тұжырым» мектебі пәнаралық ұстанымға негізделіп, басқару қабілетінің кеңдігін қамтитыны сөзсіз.



Кәсіпкерлікті зерттеудегі XXI ғасыр трендтері

Кәсіпкерлікті зерттеуді жалғастыра отырып, осы ғасырда болған зерттеу және білім әзірлемелерін атап өтпеске болмайды. Олар туралы жаңа зерттеулер және жаңа өндірісті құруды сипаттайтын негізгі тақырыптар мынадай:

1. Венчурлік қаржыландыру, оның ішінде венчурлік капитал мен қолдаушы капиталы да бар, сондай-ақ, басқа да инновациялық қаржыландыру әдістері бүкіл әлемдегі кәсіпкерлікті жандандыра отырып, XXI ғасырда бұрын-соңды болмаған күшпен дамыды.

2. Корпоратив кәсіпкерлік. Соңғы бірнеше онжылдықта корпоратив кәсіпкерлік және қызметкерлер арасындағы кәсіпкерлік ойлау жүйесіне деген қажеттілік көп таныла бастады.

3. Әлеуметтік кәсіпкерлік – әлемдегі проблемаларға инновациялық шешім іздейтін жаңа буын кәсіпкерлер арасында бұрын-соңды болмаған танымалдықпен пайда болды.

4. Кәсіпкерлік таным – кәсіпкерлердің ойлау және әрекет ету жолдарын қарастыру кәсіпкерлік процестің психологиялық қырларын зерттеу.

5. Соңғы екі онжылдықта әйелдер мен азшылық топтардан шыққан кәсіпкерлер саны қарқынды көбеюде. Олар басқа кәсіпкерлерге қарағанда өзгеше қиындықтар мен кедергілерге тап болады.

6. Ғаламдық кәсіпкерлік қозғалыс өркендеп келеді, бұл соңғы бірнеше жылда бүкіл әлемде кәсіпкерлікке деген қызығушылықтың өсуіне байланысты.

7. Отбасылық бизнестер зерттеушілердің назарына ілігіп, зерттеу пәніне айналуға. Мұндай кәсіпкерліктің жұмыс орындарын құру, инновациялар мен экономикалық жаңаруға қосқан үлесінің алуан түрлілігіне қарамастан, олардың экономикалық және әлеуметтік дамуға қосқан үлесі оң бағаланады.

8. Кәсіпкерлік білім бүкіл әлемдегі бизнес және инженерлік мектептердегі қызу талқылау тақырыбының бірі болды. Оқу процесінде аясы кеңейіп, барлық дерлік негізгі пәндерге енгізілді. 35 жыл бұрын кәсіпкерлік курстарын оқытатын оқу орындары санаулы болса, қазіргі таңда кәсіпкерлікті негізгі және қосымша мамандық ретінде ұсынатын үш мыңнан астам жоғары мектеп бар.

Түйін

Кәсіпкерлікке деген ұстанымдар үш түрғыдан қарастырылды: зерттеу мектебі, процестер және құрылымдар.

Алты таңдаулы зерттеу мектебі қарастырылды, процесс ретінде қазіргі кәсіпкерлікті түсінудің екі тәсілі талқыланды және ғылымның аясын одан әрі кеңейте түсу үшін құрылымдардың құрылымы мен ұстанымы ұсынылды.